

ӘӨЖ 002.2

Б.Ә. Омарова*, Р.С. Әбдиева

Журналистика факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: gulbahor1959@mail.ru

Студенттердің білімін арттырудағы жаңа педагогикалық технологиялар

Білім беру сапасын жақсартудың бірден – бір жолы – жаңа педагогикалық технологияларды қолдану. Жаңа педагогикалық технологиялар арқылы студенттердің өз бетінше ой қорытып, белсенділік танытуына көмектеседі. Интерактивтік әдіс студенттер мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасты нығайтады. Студент ашылып, тәжірибе жинақтап, интеллектуалдық тәуелсіздіктің негізін қалыптастырады. Мақалада айтылған педагогикалық технологиялардың бәрі бірдей мүлде жаңа, бұрын қолданылмаған әдіс – тәсілдер немесе оқытуды ұйымдастырудың формалары емес. Әңгіме олардың мүлде жаңа тәсілмен қолданылатындығында, соған лайық жоспарланған нәтижеге, мақсатқа толық жететіндігінде.

Түйін сөздер: Интерактивті әдіс, педагогикалық технологиялар, формалар.

B.Ə. Omarova, R.S. Əbdieva

Pedagogical NT is in the improvement of knowledge of students

Currently, almost all developed countries of the world recognized the need to reform their education systems so that students really become the pivotal figure of the educational process and to focus on the student's cognitive activity by educators and researchers. Modern information society puts the task of preparing graduates able to be flexible to adapt to changing situations, independently acquiring the necessary knowledge, skillfully applying them in practice for solving a variety of arising problems, to be able to find their place in it.

Keywords: interactive method, teaching technologies form.

Б.А. Омарова, Р.С. Абдиева

Новые педагогические технологии в улучшении знаний студентов

В статье отмечается, что в настоящее время практически все развитые страны мира осознали необходимость реформирования своих систем образования с тем, чтобы студент стал центральной фигурой учебного процесса, чтобы познавательная деятельность учащегося находилась в центре внимания педагогов-исследователей. Современное информационное общество ставит задачу подготовки выпускников, способных гибко адаптироваться в жизненных ситуациях, самостоятельно приобретая знания и применяя их на практике для решения разнообразных проблем.

Ключевые слова: интерактивный метод, педагогические технологии, формы.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Қазіргі кезде білімді, іскер, біліктілігі жоғары, шығармашылықпен жұмыс істей алатын мамандарға сұраныс жоғары. Мамандар кәсіби біліктілігін арттырумен қатар, өзін-өзі дамыта отырып, өзіне сын көзбен

қарауға, танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілетін дамытуға, заман ағымына сәйкес кәсіби біліктілікті арттыруға ұмтылуы қажет. Осындай қоғам талаптарына қарай, оқытушылардың инновациялық ғылыми-педагогикалық білім беру негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Білім беру жүйесінің жаңаруы да заман талабына айналып отыр. Ал студенттердің интеллектуалдық қабілеттерін анықтап, оны одан әрі дамытуда инновациялық

оқыту технологияларының маңызы зор. Жоғары білімді мамандарды, оның ішінде мұғалімдерді дайындау білім сапасына бірден бір әсер ететіні белгілі. Жоғары оқу орнына нашар біліммен келген оқушыдан міндетті түрде дайындық сапасы төмен студент шығады, ал ол студент кейін де жеткілікті дәрежеде білікті маман бола алмайды. Нәтижеде осындай қатерлі шеңбер пайда болады.

Сондықтан бүгінгі білім беру кеңістігіндегі жаңару оқытушының ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Әрбір студентті өз бетімен жұмыс істей білуге, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияларға бетбұрыс жасау үшін білім беру саласы қызметкерлеріне қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Осыны ескере келе, баспа саласына қатысты пәндерді оқытуда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін дәріс барысында пайдалана отырып дәрістің сапалы әрі қызықты өтуіне ықпал жасауда. Өзіндік әдіс – тәсілдерімен ерекшеленіп жүрген, білім берудің жаңа педагогикалық технологиялары:

- білім беруді ізгілендіру;
- дамыта оқыту технологиясы;
- ойын арқылы оқыту технологиясы;
- деңгейлік саралап оқыту технологиясы;
- ақпараттық оқыту технологиясы;
- тірек-сызба арқылы оқыту технологиясы;
- модульдік оқыту технологиясы;
- сын тұрғысынан ойлау технологиясы;
- проблемалық оқыту технологиясы; т.б.

Дамыта оқыту технологиясының мақсаты мен мағынасы: жеке тұлғаны оқыта отырып, оның қабілеттерін дамыту. Тұлғаның барлық қасиеттерін тұтас, яғни әр жақты дамытуға негізделген. Білім беруді ізгілендіру технологиясы студентті адамгершілікке тәрбиелей отырып, оның жүрегіне жылылық ұялату, танымдық күшін қалыптастыру мен дамытуды мақсат етеді. Ойын арқылы оқыту технологиясы ойын арқылы баланың қызығушылығын оятып, білімділік, танымдылық, шығармашылық қабілеттерін ашуды көздейді. Деңгейлік саралап оқыту технологиясының мақсаты: оқушының қабілеті мен мүмкіндігіне қарай оқыту. Балалардың жеке тұлғалық ерекшелігіне қарай тапсырманы бейімдеп, саралап беру.

Ақпараттық оқыту технологиясы оқушы-

ларды ақпараттық қоғамға дайындау, компьютермен оқытуды жүзеге асырады. Тірек – сызба арқылы оқыту технологиясы білім, білік, дағдыны қалаптыстыру, барлық баланы оқыту, оқытуды жеделдетуді мақсат етеді. Модульдік оқыту технологиясы оқытудың тұтас технологиясын жобалайды. Үш құрылымды бөліктен тұрады: кіріспе, негізгі және қорытынды. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы білімнің болашаққа қажетке жарауын қалыптастырады. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі. Балалар үйренгенін саралап, қалай қолдану керектігін ойлегінен өткізіп, қайта қарап, өзгерістер енгізеді.

Баспа ісін оқытуда да жаңа инновациялық педагогикалық технологияның басты міндеттері мынадай:

студенттердің өз бетінше жұмыс істеуге қызығушылығын арттыру, алған білімдерін әрі қарай дамыта түсу;

өзіндік жұмыстарында белгілі бір мәселені мақсатты түрде шешуді ұйымдастыра білу;

білімі мен біліктілігіне сай келетін бағдарлама тандап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;

өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырып дамыта түсу;

талдау, ойлау қабілеттерін дамыту.

Инновациялардың көпшілігі интерактивті оқыту әдістерімен байланыстырылған. Интерактивті оқыту әдісінде студент пен оқытушы арасындағы қарым-қатынастарға өзгерістер енеді. Оқытушының белсенділігімен салыстырғанда білім алушылардың белсенділігі арта түседі. Оқытушы болса – білім алушының белсенділігі мен шығармашылығын арттыруға қолайлы жағдайлар туғыза білуі керек.

Жаңа инновациялық технологиялар бойынша оқыту білім алушылар үшін қолайлы жағдайларда жүргізіледі. Интерактивті технологиялардың тәрбиелік мүмкіндіктері де маңызды. Мысалы, білім алушылардың өзара қарым-қатынастық (коммуникативтік) қасиеттерін дамыта түсуге мүмкіндік береді. Білім алушылар өз ойларын еркін жеткізе білуге де, басқалардың пікірін тыңдауға да үйренеді.

Жаңа инновациялық технологиялар – оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдануды, білім берудің түрлі әдістері мен арнайы формаларын біріктіруді, оқу материалын тиімді пайдалануды, білім мен біліктілікті жүйелеуді жүзеге асырады.

Болашақ маман иелерінің бойында білімділік, біліктілік, саналылық, жауапкершілік

қасиеттерін сіңіруде, яғни кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруда жаңа технологияларды қолданудың ролі зор. Жаңа педагогикалық оқыту технологияларын тиімді пайдалана білу оқытушының да шеберлігі мен іскерлігін және кәсіби құзыреттілігін шыңдауға әсерін тигізеді.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – оқудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткендей-ақ, қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру.

Жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру барысында білім беру міндеттерінің сипаттамалары төмендегідей:

педагогикалық қызметтің өзекті мәселелерін білу;

оқу бағдарламасының жаңа нұсқауларын құрастыру;

сабақ оқу моделін құрастыру;

әр студентке арналған тапсырмалар құрастыру;

жаңа материалды меңгеруге деңгейленген жаттығулар жасау;

жұмысты бағалау көрсеткішін анықтау

дидактикалық көрнекті құралдарды дайындау.

Мәселелік оқыту технологиясының мақсаты – білім алушыларды қызықтыратындай мәселелер тудырады. Мәселенің шешу жолдарын іздестіріп, дұрыс шешім қабылдауда студенттің қызыға да белсене жұмыс істеп, олардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыта түседі.

Интерактивті оқыту – танымдық жұмысты ұйымдастырудың арнайы түрі. Мұнда нақты жобаланатын мақсат қойылады. Студентке немесе тыңдаушыға оқытудың жайлы жағдайын тудырып, табыстылығын, интеллектуальды қалыптасқандығын арттырып оқу үдерісін ұтымдылығын арттыра түседі.

Педагогикада оқытудың бірнеше модельдері қарастырылады. Олар:

Дәстүрлі – студент қарап тыңдап, жазып алып отырады.

Белсенді – студент өз бетімен жұмыс істейді, шығармашылық тапсырмаларды орындайды.

Интерактивті – өзара байланыста жұмыс істеу. Оқытудың интерактивті моделін қолдану өмірдегі

нақты жағдайлардың моделін құрастыру, рөлдік ойындар, мәселелерді бірлесе шешу болып табылады. Оқу үдерісінде қатысушыларының бірінің немесе бір ұсыныстың басымдылығы жарамайды. Студент оқыту үдерісіне тікелей араласып өзіндік жолымен жүреді.

Интерактивті оқытудың басты ерекшелігіне: студент қойылған тапсырманы өз бетімен шешу жолдарын немесе ұсынылған вариант түрін өзгертіп шешімнің өз вариантын тауып оны негіздеп, дәлелдеу, жалпы жұмыстың ерекше шарт-жағдайлары мен алдын-ала алған білімдерін жаңаша жағдайда іске асыру жатады. Ал қазіргі заманғы интерактивті құрылғылар дайындыққа кететін уақытты шамамен үш есеге азайту мүмкіндігін береді. Сонымен қатар электронды материалдар қайта өңдеуге, қатесі болған жағдайда тез түзетуге, жетілдіруге өте қолайлы болап табылады. Және интерактивті тақталарды сабақта қолдану оқушылардың қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыра түседі.

Интерактивті әдістерді негізге ала отырып оқыту үдерісі топ студенттердің түгелдей қатысуымен ұйымдастырылады. Бірлесе жұмыс істей отырып әр студент мәселені шешу жолдарының өзіндік ерекше шешімін ұсынады. Жұмыс барысында олар өз білімдерімен, ұсыныстарымен және жұмыс істеу тәсілдерімен өзара бөліседі. Жобалау жұмыстары, құжаттармен немесе әртүрлі ақпарат көздерімен жұмысты істеу үшін жекелей, қосарлана, топтаса отырып немесе рөлдік ойын түрлері ұйымдастырылады.

Жоғарыда айтылып кеткендей интерактивті оқыту тәсілдері білім алушылардың өзара жұмыс істеуі мен белсенділіктері қағидасына негізделген. Студенттерге өз ұсыныстарын теңдік жағдайда жеткізіп, ойларын ашық айтып, істеген істеріне өзара баға беріп, жұмыс барысын тікелей бақылау мүмкіншіліктерін тудыратын білім алу және танымдылық орта қалыптасады.

Оқу үрдісінде интерактивті әдістерді қолдану жеке тұлға белсенділігін арттыруда, өзін – өзі дамытуда ролі зор. Интерактивті оқыту әдістерінің түрлері: топтармен жұмыс, оқу пікірсайысы (Сократтық диалогтар), «ойындық жобалау», «ми шабуылы», «пікірталас», «дөңгелек үстел». т.б. жатады.

Оқытушы жетекші ретінде жаңа білім көздері мен ақпарат бере отырып қатысушылардың өзіндік ізденіс жұмыстарын дамыта түседі. Қайталай кететін жайт оқытушының

белсенділігі студенттердің белсенділігінен аспауы керек. Оқытушының мақсаты студенттердің инициативалық белсенділігін арттыруға жағдай жасау.

Белсенді оқыту әдістерінің пайда болуы мен жетілдіріле түсуі студенттер мен білім алушылардың өзіндік танымдық қызығушылықтарын қалыптастырып, шығармашылық ой-өрістерін дамытып өз бетімен жұмыс істеу қабілеттерін қамтамасыз ету. Танымдық белсенділікті үш деңгейге бөлуге болады:

Студенттің материалды түсініп, оны еске сақтап, алған білімдерін іске асыруы.

Интерпретациялық белсенділік – материалдың мән-мағынасын игеріп, әртүрлі жағдайларда алған білімдерін қолдана білу, байланыс орната білу

Шығармашылық белсенділік – танымдық қабілеті мен қызығушылын негізге ала отырып алған білімінің маңызын теориялық тұрғыдан саралап, мәселені өз бетімен шешу.

Соңғы уақыттарда оқу үдерісіндегі қолданыла бастаған білім беру түрі – кейс-технологиялар, ағылшын тілінде Case study деп аталады. Кейс-технология тәсілі – нақты бір мәселені талқылау-талдау, оның шешімін табу дегенді білдіреді. Кейс-технологиясы – нақты немесе ойдан шығарылған мәселелерді шешу жолдарын қысқа мерзімде оқытуға негізделген интерактивтік оқу технологиясы

Студенттерге нақты бір болатын жағдайды, оқиғаны, мәселені шешу жайлы тапсырма беру. Мәселені шешу жолдары әрқилы болуы мүмкін. Оқыту-білім берудің арнайы интерактивтік тәсілі ретінде студенттер туындаған мәселені тікелей өз бетімен жұмыс істеп шешетіндіктен ойын немесе теориялық тұрғыдан берілген материалды практика жүзінде шешетін болады. Мұндағы бірден-бір маңызды жұмыстың бірі берілген мәселені талдау, оны шешу жолдары студенттердің мамандыққа біліктілігін арттыра түсіп, олардың қызығушылығын қалыптастырып, білімін арттыру мотивациясы.

Кейс технологиясымен оқыту, оқу үдерісін модернизациялап, оқу барысында рөлдік жүйемен – әр студентке немесе топ студенттеріне шешімін талап ететін мәселе қойылады. Берілетін тапсырма студенттердің кәсіби мамандықтарын қалыптастыра түсу, оған деген қызығушылықты арттыра түсу мақсатына сәйкес қойылуы керек.

Кейс тәсілінің негіздері жайлы қысқаша курсы басты екі мақсаттан тұрады. Бір жағынан бұл

тәсілді методологиялық тұрғыдан зерттеу, яғни мәселеге білім беру саласындағы өзгерістер мен жетістіктерді, ал екінші мақсат – кейс тәсілінің мазмұнын ашып, оның технологиялық құрылымы мен қолданылуын қарастыру.

Төменде берілген материалдар кейс тәсілінің ерекшелігін тереңдете зерттеп, оқытудың осы тәсілін жаңадан бастап оқытып жатқан немесе тәжірибелі оқытушыларға сабақ оқытудың мысалы ретінде берілді.

XX ғасырдың басында АҚШ-тың Гарвард университетінің бизнес-мектебінде еңгізілді

Кейс-технологиялардың басты ерекшеліктері: нақты жағдайларды зерттеу;

болған жағдайларды сипаттау;

сабақ басталар алдында білім алушылар туындаған мәселелермен танысып, оларды шешу жолдарын іздейді

Кейс-технологияларының басты мақсаты:

білім алушылардың бойында іскерлік, танымдылық, өз бетімен жұмыс істей білу сияқты жаңа қасиеттерді қалыптастыру;

олардың түрлі мәселелерді талдау, сараптау барысында олардың шешімін таба білу қабілетін арттыру;

ақпараттармен жұмыс істеуді үйрету

Кейс-технологияларға жататын әдіс тәсілдер

нақты жағдайды талдау тәсілі;

мәселені шешуде рөлдік тәсілдерді қолданып шешу әдісі;

ақпараттарды талдау әдісі;

Инциденттік әдіс

ойындық жобалау;

дискуссия арқылы шешу жолдары

білім алушының өз бетінше ақпараттар іздеп шешім қабылдауы;

ақпараттармен жұмыс істеуді, оларды жүйелеу, сараптап-талдауды үйрету;

студент ауызша немесе жазбаша түрде бір мекемеде немесе бір мемлекетте болған оқиға туралы қысқаша ақпарат алады;

студент ақпараттың аздығына қарамастан мәселені шешу жолдарын қарастырады. Мәселенің бары немесе жоқтығы, оны шешуге қажетті не істеу қажеттігін анықтайды.

Кейс-стадия әдісінің идеялары:

қойылған сұрақтардың бірнеше жауаптары бар болуы мүмкін болатын пәндерден білім алуға арналған;

үйрету оқушы мен оқытушының бірлесе шығармашылықпен айналысу дағдыларын қалыптастыруға негізделеді;

әдісті қолданудың нәтижесі болып алған білімдері мен жұмыс жасау барысында қалыптасқан дағдылары есептелегенді.

Оқытушы – сұрақтарды қойып, жауаптарды ескеріп отыратын дискуссияны жүргізуші.

Әдебиеттер

- 1 Раджерс Э. Инновация туралы түсінік // Қазақстан мектебі. – №4. – 2006.
- 2 Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – Алматы, 2004.
- 3 Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім // Қазақстан мектебі. – №4. – 2008.
- 4 Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – Алматы: Өркен, 2007.
- 5 Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – Алматы: Білім, 2008.
- 6 Богуславский М.В., Корнетов Г.Б. О педагогических парадигмах // Магистр. – 1992. – № 5.
- 7 Беспалько В. П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. — М., 1995.
- 8 Қалиев С. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. Алматы: Білім, 2001.
- 9 Селевко Г. К. Современные образовательные технологии. – М.: Народное образование, 1998.

References

- 1 E. Radzhers turaly tysinik amet. – // Mektebi Kazakhstan, № 4. – 2006.
- 2 Qabdyqayyrov Q. Innovatsiyalyk tehnologiyalarydy diagnostikalau. – A., 2004
- 3 Zhynisbek Ә. Zhana technology negizi – sapaly Bilim. – // Kazakhstan mektebi, № 4. – 2008.
- 4 Naғymzhanova Q. Innovatsiyalyk tehnologiyanyң qūrylymy. – A. Orkene, 2007.
- 5 V. S. Koshimbetova Innovatsiyalyk tehnologiyany Bilim sapasyn koterude paydalanu mymkindikteri. – A. Bilim 2008.
- 6 Boguslavskiy MV, GB Kornetov Et eadem de exemplaria // – magister. – 1992.– №5.
- 7 Lorem ipsum dolor VP Bepal’ko multorum. – M, 1995
- 8 S. Kaliev Okushylardyң tūlғalyқ kasietterin damytudyң pedagogikalyқ negizderi. Almaty Bilim.2001.
- 9 Selevko StudyBuddy GK. – M: Education 1998.